


Садықов Жарылқасын Сәрсенбекұлы



Техника ғылымдарының докторы, аға ғылыми қызметкер. Институтта 20 жылдан астам жұмыс істеді. Тікелей шығармашылық қатысуымен тұқым қағу құрылғыларын және комбайндарға арналған жаңартулар әзірленді. 110-нан астам ғылыми жарияланымдары, оның ішінде ҚР өнертабыстары мен патенттеріне, халықаралық патенттерге 50-ден астам авторлық куәліктер бар.

Бір ғылым докторы мен 5 ғылым кандидатын дайындады. «КСРО өнертапқышы» белгісімен марапатталған.